



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 шілде N 1008

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ заң күші бар Жарлығының 16-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 21 қыркүйекте Бухарест қаласында жасалған Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі
арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы
келісім*

*(2001 жылғы 12 ақпанда күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары
бюллетені, 2002 ж., N 1, 8-құжат)

Бұдан былай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Румыния Үкіметі,

екі ел халықтарының арасындағы достық пен өзара түсіністік қатынастарын дамытуға және нығайтуға тілек білдіре отырып,
екі елде жүріп жатқан терең қайта құруларды ескере отырып,
мәдениет, білім беру, ғылым, спорт саласындағы, сондай-ақ басқа да салалардағы ынтымақтастықты дамыту ниетін басшылыққа ала отырып,
Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Хельсинки Кеңесінің Қорытынды актісінің және жаңа Еуропаға арналған Париж Хартиясының ережелеріне

адалдығын

қуаттай
төмендегілер

отырып,
туралы келісті:

1 - Б а п

Мәдени ынтымақтастықты жан-жақты дамыту және нығайту мақсатында Тараптар:

а) мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлерімен, көркем және шығармашылық ұжымдармен, оқытушылармен және мамандармен алмасуды;

ә) өзара мүдделілік білдіретін ғылыми және көркем әдебиеттерді аударуды және жариялауды;

б) мәдениет пен өнер күндерін, түрлі көрмелерді, фильм фестивальдарын ұйымдастыруды және өткізуді, театр қойылымдарымен, би және музыка өнері топтарымен, оның ішінде коммерциялық негізде, алмасуды;

в) ғылыми, ғылыми-танымал және көркем әдебиетпен, фильмдермен, мерзімдік басылымдармен музыкалық жазбалармен және партитурамен алмасуды;

г) ақпараттық және архивтік материалдармен алмасуды;

д) баспа қызметі, полиграфия және кітап саудасы саласындағы ынтымақтастықты көтермелейтін және қолдайтын болады.

2 - б а п

Тараптар өздерінің аумақтарында өткізілетін конгрестерге, конференцияларға, көркем фестивальдерге және басқа да халықаралық іс-шараларға Тараптардың ғылым, білім беру, мәдениет және өнер салаларындағы көрнекті қайраткерлерін өзара шақыруға және олардың қатысуына жәрдемдесетін болады.

3 - Б а п

Тараптар білім беру саласында мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға жәрдемдесетін болады:

а) лекциялар оқуы мен ғылыми зерттеулер жүргізуі үшін оқытушылар, стажерлер, аспиранттар және басқа да мамандар алмасу;

ә) жоғары оқу орындарында, аспирантурада оқуы және тағылымдамадан өтуі үшін орындар мен стипендиялар тағайындау;

б) екі ел халықтарының тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін оқып-үйрену;

в) студенттермен және оқушылармен алмасу;

г) екі елдің мәдени, географиялық экономикалық және қоғамдық-саяси дамуын мектеп оқулықтарында, университеттердің тарих курстарында дұрыс бейнелеу ісінде, соның ішінде бірлескен жұмыс топтарын құру құжаттармен және материалдармен

алмасу арқылы өзара іс-қимыл жасау;

д) академиялық мекемелердің, оқу орындарының, ғылыми-зерттеу

институттарының және басқа да ұйымдардың арасында тікелей байланыстарды дамыту және тереңдету.

4-Бап

Тараптар тиісті ведомстволар арасындағы жекелеген келісімдер жасасу жолымен өздерінің оқу орындары мен ғылыми мекемелері берген куәліктерді, дипломдарды, атақтар мен ғылыми дәрежелерді өзара тануды көтермелейтін болады.

5-Бап

Тараптар мамандарға өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес кітапханаларына, архивтеріне және басқа да мәдени мекемелеріне өзара рұқсат беретін болады.

6-Бап

Тараптар фильмдерді алмасу және сатып алу, кино фестивальдарын өткізу, сондай-ақ мерзімді кинобасылымдармен алмасу мақсатында кинематографиялық ұйымдардың арасындағы ынтымақтастықты көтермелейтін болады.

7-Бап

Тараптар экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі радио мен телевизиялық бағдарламаларды тұрақты алмасуға жәрдемдеседі, сондай-ақ осы салада мамандар алмасуды көтермелейтін болады.

8-Бап

Тараптар ақпараттық агенттіктер мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады.

9-Бап

Тараптар денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты көтермелейтін және қолдайтын болады.

10-Бап

Тараптар жастар ұйымдары арасындағы ынтымақтастыққа қолдау көрсететін болады.

11-Бап

Тараптар туризм, дене мәдениеті және спорт саласындағы ынтымақтастықты дамытуды қолдайтын болады.

12-Бап

Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес өз аумақтарында заңды және жеке тұлғалардың авторлық құқықтарын өзара қорғауға міндеттенеді.

13-Бап

Тараптар өздері мүшесі болып табылатын халықаралық келісімдер мен ұйымдардың шеңберінде ынтымақтастықты көтермелейтін болады.

14-Бап

Осы Келісім Тараптардың басқа келісімдерінен туындайтын құқықтары мен міндеттеріне ықпал етпейді.

15-Бап

Осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру үшін ынтымақтастықтың қаржылық шарттары мен ұйымдық нысандары бар ведомствоаралық бағдарламалары жасалатын болады.

16-Бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге қатысты даулар келіссөздер және консультациялар арқылы реттелетін болады.

17-бап

Осы Келісім Тараптардың өздерінің заңдарында көзделген мемлекетішілік процедуралардың орындалғаны туралы екеуі де бір-біріне хабарлаған сәттен бастап күшіне енеді.

18 - Б а п

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалды. Оның қолданысы, егер Тараптардың бірде-бірі бесжылдық мерзім аяқталғанға дейін кем дегенде алты ай бұрын Келісімнің күшін жою ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлау арқылы мәлімдемесе келесі бесжылдық мерзімге ұзартылатын болады.

Осы Келісімнің күшін жойған жағдайда оның негізінде қол қойылған ынтымақтастықтың кез келген бағдарламасы Келісім қолданысының мерзімі аяқталғанға дейін өзінің күшін сақтайды.

Бухаресте 1998 жылғы "21" қыркүйекте әрқайсысы қазақ, румын және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Румыния
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Орынбекова Д.